

БҮГІНДЕ ҚЫТАЙ МЕН ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАН ЕУРОПАҒА БАҒЫТТАЛАТЫН ЖҮКТІҢ 80 ПАЙЫЗЫ ҚҰРЫҚ ПОРТЫ АРҚЫЛЫ ӨТЕДІ. БИЫЛ ОРТА ДӘЛІЗ БОЙЫНША 1,6 МЛН ТОННА ТҮРЛІ ЖҮКТЕР ТАСЫМАЛДАНДЫ. ҚҰРЫҚТАҒЫ ТЕРМИНАЛ БІР МЕЗГІЛДЕ 25 МЫҢ ТОННА АСТЫҚ САҚТАЙ АЛАДЫ. СОЛТҮСТІК ЖӘНЕ ОҢТҮСТІК ДӘЛІЗГЕ ҚАРАҒАНДА ОРТА ДӘЛІЗДІҢ МАҢЫЗЫ АРТЫП КЕЛЕДІ.

Серік АХМЕТОВ,
«Құрық порты» ЖШС бас директоры



№93 (3023)
01/11/2024

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

РАБОЧАЯ ВСТРЕЧА С РУКОВОДСТВОМ WABTES

В АО «НК «ҚТЖ» обсуждены вопросы дальнейшего развития сотрудничества с генеральным директором американской компании Wabtec Рафаэлем Сантаной и региональным старшим вице-президентом в СНГ, Европе, Ближнем Востоке и Африке Wabtec Гоханом Байханом.

Асель ШАЙХИНОВА,
Астана

В ходе встречи отмечена проводимая ҚТЖ работа по развитию железнодорожной отрасли, в том числе по обновлению парка подвижного состава, что необходимо для поддержки растущего спроса на грузовые перевозки в регионе.

Отдельно стороны обсудили планы компании Wabtec по производству «зеленых» локомотивов нового поколения в Казахстане.

Рафаэль Сантана подчеркнул, что Wabtec работает над производством локомотивов на альтернативных источниках энергии, а также совершенствованием ремонта и сервисного обслуживания локомотивов, произведенных в Казахстане.

В свою очередь Гохан Байхан отметил значимость этого проекта для развития железнодорожной инфраструктуры Казахстана.



Новые локомотивы позволяют улучшить эффективность работы, в том числе на Транскаспийском международном транспортном маршруте, что способствует увеличению конкурентоспособ-

ности Казахстана на мировом транспортном рынке.

– ҚТЖ станет образцом на глобальном уровне в области устойчивого развития и экологически чистых технологий. Одновре-

менно мы продолжим повышать и операционную эффективность локомотивов с помощью цифровых технологий, – отметил Гохан Байхан.

Фото Александра ЖАБЧУКА

КАТАЛ МАУСЫМҒА ДАЙЫН



Магистральдық желі дирекциясының филиалдары «2024-2025 жылдардың қыс маусымына шаруашылықтар мен кадрларды дайындау жоспары» аясында ауқымды жұмыстар атқарды.

Мәселен, биыл 2229 ғимарат пен 18,2 км жылу трассасы жөндеуден өтіп, алдағы қатал маусымда қалтқысыз қызмет етуге 270 астам қар жинайтын және қар тазалайтын техника дайындықтан өтіп, бүгінде жұмыс істеуге сақдай сай тұр. Сонымен қатар биыл алғашқы «қыстаушылар» мен киімдері тозған сала еңбеккерлері арнайы қыстық киімдермен және аяқ киімдермен қамтамасыз етілді. Бұдан бөлек, станцияларда, разъездерде және басып озу пункттерінде тұрып жатқан теміржолшылар мен зейнеткерлерге 12 мың тоннадан астам тұрмыстық көмір жеткізіліп берді. Мамандардың айтуынша, бұл жоспар шеңберіндегі іс-шаралар легі жалғасуда екен.

Айта кетерлігі, өткен қазан айының ортасында қыс кезеңі алды емітхананы іспеттес күзгі комиссиялық байқау мәресіне жеткен болатын. Осы байқау барысында да инфрақұрылымдық нысандардың, жылжымалы құрамдардың, арнайы техникалардың, өндірістік-техникалық нысандардың, техникалық құралдардың ағымдық жай-күйі тексеріліп, оның барысында анықталған кемшіліктер деңгейіне қарай жойылып, ал бірқатарын жоюға ескертулер берілген.

Ислам ТАЛБАТ



Юлиус СКАЧКАУСКАС,
вице-министр транспорта и коммуникаций Литовской Республики:

МЫ ВИДИМ ОГРОМНЫЙ ПОТЕНЦИАЛ В СОЕДИНЕНИИ ТРАНСЕВРОПЕЙСКОЙ ТРАНСПОРТНОЙ СЕТИ (TEN-T) С ТРАНСКАСПИЙСКИМ МАРШРУТОМ. ЛИТВА ПОДДЕРЖИВАЕТ ИНИЦИАТИВУ ПО РАЗВИТИЮ ЭТОГО ПУТИ, ЧТО ПОМОЖЕТ УКРЕПИТЬ ЭКОНОМИЧЕСКОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО МЕЖДУ НАШИМИ СТРАНАМИ И ПРОДВИНУТЬ МЕЖДУНАРОДНЫЕ МУЛЬТИМОДАЛЬНЫЕ ПЕРЕВОЗКИ

Үкімет

МАШИНА ЖАСАУ: ТЕМІРЖОЛДЫҢ ҮЛЕСІ ҚАНДАЙ?

ҚР Премьер-министрінің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында отандық машина жасауды дамыту мәселелері қаралды. Өнеркәсіп және құрылыс министрі Қанат Шарлапаевтың айтуынша, бүгінде өнеркәсіптің өңдеу саласы өндіру ісін көлемі бойынша басып озған.

Райхан РАХМЕТОВА,
Астана

Бұл ретте жетекші орындардың бірін машина жасау саласы алады – 20%. Оған 4 мыңға жуық компания жұмылдырылған, 120 мыңнан астам адам жұмыспен қамтылған.

Қазақстанда машина жасау өнімдерінің нарығы \$31,6 млрд-қа бағаланады. Оның шамамен 16%-ы отандық өндірістің үлесіне тиесілі. Бүгінде Қазақстан аккумуляторлар, трансформаторлар, кабельдер, локомотивтер, автомобильдер мен автобустар экспорттайды.

Теміржол машинасын жасауда 423 млрд теңгеге өнім өндірілді, өсім 1,5 есе. Үкімет отырысында өнеркәсіп және құрылыс министрі Қанат Шарлапаев атап өткендей, жыл қорытындысы бойынша жүк вагондары

өндірісінің 4 есеге – 2 мың бірлікке дейін, жолаушылар вагондары 122 бірлікке дейін, локомотивтер 130 бірлікке дейін өсуін қамтамасыз ету міндеті тұр. Wabtec және Alstom компанияларының технологиялары бойынша локомотивтер, сондай-ақ жүк және жолаушылар вагондарының өндірісі жолға қойылған.

«Теміржол машиналарын жасау дамудың үлкен әлеуетін білдіреді. Қазіргі уақытта жылжымалы құрамның жалпы паркі шамамен 139 мың бірлікке жетеді. Орташа тозу – 55%. Осыған байланысты жаңа жобаларды іске қосу жұмыстары жүргізілуде», – деді министр. Мәселен, биыл «ТексолТранс» компаниясы қуаты жылына 6 мың бірлік жүк вагондары мен цистерналар өндіру бойынша жобаны іске асыруды бастады. 2025 жылы қуаты жылына 100 бірлік

болатын «Штадлер Қазақстан» зауытында жолаушылар вагондарының өндірісі іске қосылады. «Семей машина жасау зауыты» жылына 600 бірлік ашық вагон өндірісін ұйымдастыру бойынша жұмыс жүргізуде. «Railcast Systems» бандаж кешенін құру бойынша жоба іске асырылуда, іске қосу мерзімі – 2025-2026 жылдар. Сондай-ақ 2024 жылдың соңында Қостанай облысында серіппелер шығаратын зауыт іске қосылады деп жоспарлануда. 2025 жылы «Шығысмашзауыт» цехты жаңғыртуды аяқтауды жоспарлап отыр, бұл орта және ірі вагон құюды импортты алмастыруды қамтамасыз етеді. Жалпы Қазақстанда машина жасау құрылымында ең үлкен үлесті автомобиль жасау, теміржол және электротехникалық машинасын жасау алады.

УПОР НА ПОДДЕРЖКУ КАЗАХСТАНСКИХ ПРОИЗВОДИТЕЛЕЙ

Круглый стол

Более 1 600 договоров с отечественными товаропроизводителями заключило АО «НК «ҚТЖ» за девять месяцев 2024 года.

Любовь РОВБА,
Астана

Об этом сообщалось во время круглого стола в Астане, организованного АО «НК «ҚТЖ» при поддержке фонда «Самрук-Қазына». В мероприятии приняли участие крупнейшие казахстанские производители, представители ТОО «Самрук-Қазына Контракт» и ТОО «QazCloud».

На встрече управляющий директор по новым проектам АО «НК «ҚТЖ» Ерсайын Нагаспаев отметил, что группой компаний АО «НК «ҚТЖ» на постоянной основе ведется работа по поддержке отечественных производителей и повышению доли казахстанского содержания.

– За девять месяцев 2024 года мы заключили 1 637 договоров с отечественными производителями. Подписано 13 офтейк-контрактов на общую сумму 12,7 миллиарда

тенге, – проинформировал он. – С 2019 года нами заключено уже 65 офтейк-контрактов на общую сумму свыше 142 миллиардов тенге.

В свою очередь директор департамента реестров и развития внутристрановой ценности ТОО «Самрук-Қазына Контракт» Нурлан Шарипов отметил, что фондом в этом направлении проводится активная работа, количество заключенных контрактов растет ежегодно. По его словам, ҚТЖ является «лидером, локомотивом, по заключению офтейк-контрактов».

В своем докладе спикер подробно остановился на основных инструментах и мерах поддержки казахстанских товаропроизводителей со стороны АО «Самрук-Қазына». Проинформировал о Программе содействия созданию новых производств, с начала реализации которой уже одобрено 84 проекта, а также заключено 679 офтейк-



контрактов на общую сумму 189,3 миллиарда тенге.

Нурлан Шарипов рассказал о порядке включения в реестр товаропроизводителей и процессе формирования пула чистого импорта, который на сегодня содержит 10 103 позиции товаров на общую сумму 357 миллиардов тенге.

О преимуществах закупок через электронный магазин SKStore.kz в своей презентации рассказал руководитель службы по работе с клиентами ТОО «QazCloud» Айдос Мустафин. Этот способ закупки в том числе направлен на усиление позиций отечественных товаропроизводителей, увеличение их ассортимента и активное участие в закупках.

Во время круглого стола с

казахстанскими производителями были подписаны новые офтейк-контракты.

– Мы подписали офтейк-контракт на поставку систем управления питанием станций, от которых зависит безопасность движения и бесперебойная работа всех узлов и элементов, отвечающих за управление железнодорожным транспортом, – отметил генеральный директор ТОО «Kazcentrelectroprovod» Сергей Ким. – С ҚТЖ мы работаем уже долгое время, поставляем различные продукты. Наша компания обладает достаточными инженерными и промышленными ресурсами, знаниями и опытом. Мы надеемся на дальнейшее сотрудничество с нацкомпанией.

Фото Александра ЖАБЧУКА

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

В ОКТАБРЕ ПО СЕТИ КОСТАНАЙСКОГО ОТДЕЛЕНИЯ ГРУЗОВЫХ ПЕРЕВОЗОК ОТГРУЖЕНО ПОРЯДКА

297,7 тыс. тонн

ЗЕРНА.

НА СТАНЦИИ ДОСТЫК ВВЕДЕНО В ДЕЙСТВИЕ

59

УЧАСТКОВ, ОБОРУДОВАННЫХ АВТОМАТИЧЕСКОЙ ЛОКОМОТИВНОЙ СИГНАЛИЗАЦИЕЙ.

В ТЕКУЩЕМ ГОДУ ПРОФЕССИОНАЛЬНУЮ ПРАКТИКУ В АО «НК «ҚТЖ» ПРОШЛИ

1 540

СТУДЕНТОВ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЙ.

УКРЕПЛЯ СВЯЗИ



Сотрудничество с Эстонией в сфере портовой инфраструктуры обсудили во время двусторонней встречи в Министерстве транспорта РК.

Вице-министр транспорта РК Максат Калиакпаров провел переговоры с Чрезвычайным и Полномочным Послом Эстонии в Казахстане Япом Ора.

Особое внимание уделено развитию транспортных маршрутов, способствующих укреплению экономических связей и улучшению торгово-экономического взаимодействия между Казахстаном и Эстонией.

Так, отмечены преимущества от реализации международного транспортного коридора из Азии в Европу через территорию Казахстана и Эстонии, а также сопредельных государств с точки зрения сроков доставки грузов и оборачиваемости товаров.

Стороны также обсудили возможности экспорта казахстанских товаров транзитом через эстонские порты. На сегодня крупнейшей портовой организацией Эстонии является Tallinna Sadam, которая управляет пятью портами, в том числе четырьмя грузовыми.

Роман ЛЮБИМОВ

БЕЙНЕБАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ ОРНАТЫЛАДЫ



2025 жылдан бастап теміржолдың күзетілетін және күзетілмейтін өткелдеріне кезең-кезеңмен бейнебақылау жүйесі орнатылатын болады.

Ол деректерді автоматты түрде тіркейді. Сала мамандарының айтуынша, өткелдерде жол-көлік оқиғаларының орын алуына басты себеп – автокөлік жүргізушілері тәртібінің төмендігі, яғни темір жолдан өту ережесін ерескел бұзуы болып отыр. Тіпті өткелдің сигнал беру құрылғысы дұрыс жұмыс істеп, тыйым салған белгісі тұрған кезде де жүргізушілер жолды кесіп өтуге әрекет етеді екен. Осындай жауапсыздық пен ереже бұзушылық салдарынан биылғы жылдың 9 айында 19 жол-көлік оқиғасы болған. Қауіпті жағдайлардың алдын алу мақсатында теміржолшылар құқыққорғау органдарымен бірлесіп жылдың басынан бері 1480 рейд өткізіп, оның барысында 281 бұзушылық анықтаған. Сондай-ақ 85 мыңнан астам көлік жүргізушісіне өткелден өту ережелері түсіндірілген.

Нұрбек БЕКЕН

ҮЗДІК ӘЛЕУМЕТТІК ӘРІПТЕС

Ислам ТАЛҒАТ,
Астана



«Қазкөліккәсіп» ҚБ төрағасы Оразғали Ахметбаев «ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы Магистральдық желі дирекциясының директоры Сакен Рахметовті «Үздік әлеуметтік әріптес» медалімен марапаттады.

Оразғали Ахметбаев бұл награда Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясы атынан Республика күніне орай табысталып отырғанын атап өтті.

– Ұлттық компанияның жұмыс беруші үлкен филиалдарының бірі ретінде ЦЖС-пен кәсіподақ ұйымдары бірлесіп ұзақ уақыт жұмыс істеп, тіпті шиеленіскен күрделі мәселелерді бірлесіп шешіп, оңтайлы жолдарын тауып келеміз. Біздің бұл іскерлік және әлеуметтік қарым-қатынасымыз одан әрі де жалғасады деген ойдамын, – деді «Қазкөліккәсіп» ҚБ төрағасы.

ЦЖС басшысы да өз кезегінде алғысын білдіріп, филиал қызметкерлерінің мүддесін және еңбегін қорғауда, оларға қолайлы еңбек жағдайын жасай отырып, қауіпсіздікті сақтауға қолдан келгендерін аянбайтыны және осы бағытта кәсіподақпен бірлесіп жұмыс істеуге әрқашан дайын екендерін жеткізді.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК



ШОҚТЫҒЫ БИІК ҰЖЫМ



АЙМАҚ

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

Еске сала кетсек, 2016 жылы ұзындығы 500 шақырымды алатын Шалқар – Бейнеу теміржол торабы қолданысқа берілгені белгілі. Сол кезде 237 шақырымдық Шалқар-Тассай тәлімі Шалқар сигнализация және байланыс дистанциясы құрамына енді. Дистанция жұмысшылары Шалқар-Тассай тәлімінің құрылысына үлкен үлестерін қосты. Бүгінгі күнде оған 33 бөлек пункттермен құралатын жалпы ұзындығы 595, 684 шақырымды құрайтын теміржол торабы кіреді.

Республика күні қарсаңында «Үздік сигнализация және байланыс дистанциясы» атағын иеленген мекеменің басшысы Нұрболат Төпеш жыл басынан бері дистанция ұжымы тарапынан біраз шаруаның басы қайырылған

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-на қарасты Шалқар сигнализация және байланыс дистанциясы ұлттық компанияның үздік ұжымдарының бірі атанды. Төрт жүзге жуық адам еңбек ететін мекеменің ғасырдан аса тарихы бар.



ның атап өтті. Мәселен, Шалқар сигнализациясы және байланыс дистанциясы еңбеккерлері биыл 9 айда кешенді жоспар бойынша 31 электр желісін, 44 электр қозғалтқышын ауыстырған, 33 станцияда дәнекерлеу және монтаждау сапасына сынама жүргізіліп, тексерілген. Қауіпсіздік техникасы мен өндірістік санита-

рия талаптарына сәйкес 33 станцияда электр тізбегі кабельдерінің өзектерін, электр қуатын толық тексеру жұмыстары орындалып, 48 кабель жөндеген. «Қарашоқат-Ақеспе», «Ақеспе-Шоқысу», «Ұлпан-Шалқар», Шалқар 2-жол аралығындағы ол жерде жұмыстары кезінде ол жердегі кабельдерді тереңдету және

қауіпсіз қашықтыққа шығару жұмыстары жүргізілген. Мұғалжар станциясына стационарлық антенна орнатылған. Сонымен қатар Жем станциясында ЛАЗ бойынша «Өңірлік байланыс тораптарын жаңғыртуға арналған бағдарламалық-аппараттық кешен» пайдалануға берілген. Шалқар-Тассай учаскесіндегі 8 станцияда бағдарламалардың линзалық жиынтығын жарықдиодты модульдерге ауыстыру жұмыстары аяқталып, осы бөлектегі 12 бағдарламда трансформаторлық қорапты бөлшектеу, ауыстыру жұмыстары жүргізілген. Тас – Мұғалжар аралығы релелік шкафтарының сапа эталонына 6 сигналдық нүктеге келтіру жүргізілді.

Желі бойындағы кабельдер жөнделіп, Аққайтым, Бегімбет, Шұқыр, Қайдауыл, Жем, Мұғалжар, Бершүгір, Қотырғас, Қарашоқат, Шоқысу разъездерінде найзағай бұрғыштары орнатылған. Бүгінде дистанция ұжымы заманауи құрылғыларға техникалық күтім жасайды. Қазір мұнда МПЦ Ebilock-950, МПЦ Диалог, МПЦ Неман, МП-АСДЦ, МП-АСДК, Р-80, Alstom, ИТСМ-02, ДХ-500, МХ-1000, TETRA стандартындағы радиобайланысы, РІСМ- 10-41 аппараттары бар.

Суретті түсірген автор

ЕҢБЕКТЕРІ ЕЛЕНДІ

Айназ СЫРЫМБЕТ,
Жамбыл



Жамбыл өңірінің 50 жуық теміржолшысына түрлі марапаттар табыс етілді.

Соның ішінде Шу электрмен жабдықтау дистанциясының электромеханигі Герасим Ким теміржолшылардың мерейін үстем ететін «Кұрметті теміржолшы» төсбелгісімен марапатталды. Салтанатты жиында Жамбыл жүк тасымалы және магистральдық желі бөлімшелерінің басшылары Айдын Сеитбенбетов пен Мейрамбек Кенжебаев, кәсіподақ ұйымының Жамбыл филиалының төрағасы Жұман Сәменов, Жамбыл жол бөлімшесінің қауіпсіздігі бойынша бас ревизоры Медет Қолдасов қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуде жауапкершілікті терең сезініп, өз міндеттерін абыроймен атқарып жүрген теміржолшыларға алғыс білдіріп, 44 сала еңбеккеріне «Қазақстан темір жолына – 120 жыл» мерейтойлық медалін табыстады. Сондай-ақ үш теміржолшы «Самұрық Қазына» АҚ-ның Алғыс хатына ие болды.

Күзгі байқау

КЕМШІЛІКТЕР КӨРСЕТКІШІ КЕМІГЕН

Оңтүстік өлкеде алдын ала жоспарланып, бекітілген кестеге сай теміржол мекемелері мен түрлі санаттағы өндірістік цехтар комиссия өкілдерінің мұқият тексерісінен өтті.

Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,
Шымкент

Билығы күзгі байқау барысында тапсырманың мұның алдындағы жұмыс нәтижелерімен салыстырғанда тиянақты әрі сапалы орындалғаны анықталған.

«Жүк тасымалы» ЖШС-нің Шымкент филиалы мен Шымкент магистральдық желі бөлімшесінің жергілікті басқарма басшылары, «Қазкөліккәсіп» ҚБ кәсіподақ өкілдері мен саланың жауапты жетекшілері және тиісті мамандарынан құралған бірлескен комиссия мүшелері бекітілген жоспарға сай өндірістік теміржол шаруашылығына қатысты нысандар мен шалғай учаскелерді түгел аралап шықты. Атап айтқанда, Түркістан облысының аумағында орналасқан ПЧ, ШЧ, ЭЧ мекемелерінің басшылары мен телімдерге және цехтарға жауапты мамандар комиссия мүшелеріне әрбір нысанды таныстырып, проблемалық түйіндерді тарқату жолында пікір алмасты. Сол сияқты оң көрсеткіштерге сеп болған амал-әрекеттер мен тетіктерді үлгі ретінде атап көрсетті.

– Жалпы, біз комиссия өкілдері өңірдегі теміржол шаруашылықтарын үш бағыт бойынша аралап шықтық. Атап айтқанда,

бірінші бағыт – Шымкент-Түлкібас болса, екіншісі – Арыс-Түркістан және үшіншісі Арыс-Сарыағаш бағыты еді. Одан бөлек ірі мекемелер шоғырланған Шымкент пен Арыста орналасқан ПЧ-53, ПЧ-54, ШЧ-37, ШЧ-38, ЭЧ-24 сынды мекемелерінің қысқа дайындығы сараланды, – дейді Шымкент магистральдық желі бөлімшесінің өнеркәсіп-өндірістік, электр және экологиялық қауіпсіздік қызметі секторының бастығы Ерлан Серперов.

Осы аталған ірілендірілген мекемелердің әрбіріндегі үлкенді-кішілі 15-20 цехтың жай-күйі назардан тыс қалмаған. Сол секілді 2 қалпына келтіру пойызы мен 3 өрт сөндіру пойызы және халық көп шоғырланған үлкен қалалардағы 7 вокзал ғимаратының



БАҚЫЛАУДЫ БОСАҢСЫТПАУ ҚАЖЕТ

«Қамданған қапы қалмайды» демекші, жыл сайын күрең күз келісімен саланың барлық құрылымдық бөлімшелерінде күзгі байқау өтеді. Оның барысында қысқы кезеңге дайындық жұмыстарына бірнеше деңгейде бақылау жасалып, соңында қорытындысы шығарылады.

Ардақ УСЕЙІНОВА,
Жамбыл

Жамбыл магистральдық желі бөлімшесінің құрылымдық бөлімшелерінде қысқы кезеңде теміржол көлігі жұмысының тұрақтылығын, еңбекті қорғау, ғимараттар, техникалық құрал-жабдықтың жай-күйін қамтамасыз ету бойынша 9 қыркүйек пен 2 қазан аралығында жүргізілген күзгі комиссиялық байқаудың қорытындысы шықты. Жоспарлы жұмыстар орындалған, жақсы көрсеткіштер де бар, кемшіліктер де жоқ емес. Қазір тиісті мекемелер ескертулер бойынша оқшылықтарды жоюда.

Жалпы күзгі байқау бақылауды босаңсытпау керек екенін көрсетті. Техникалық құралдардың жай-күйіне қатысты ескертулер жасалып, жолдар мен құрылыстардың шаруашылығына қатысты 147 тыйым салу және шектеу шаралары қабылданды. Шу, Түлкібас, Жамбыл жол дистанциялары басшылары тарапынан жолдың ағымдағы жағдайы мен

бағыттамалық бұрмалардың жай-күйіне бақылауды күшейтпегені белгілі болды.

– 2022 жылдың 28 қапанында шыққан №80 «Пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ұйымдастыруға жеке қатысу нормативтерін бекіту туралы» бұйрық бар. Күзгі байқау кезінде кейбір құрылымдық бөлімшелерде осы бұйрықтың талаптары бұзылғаны анықталды. Жол дистанциялары басшылары ПУ-28, ПУ-29 нысанындағы кітаптың жүргізілуін тексермеген. Электрмен жабдықтау шаруашылығы бойынша Жамбыл, Шу, Сарышаған электрмен жабдықтау дистанцияларының қызмет көрсету учаскелеріне қатысты 181 ескерту берілді. Үш дистанциядағы жіберілген кемшіліктер ұқсас. Дистанция басшылары жоспарлы-алдын алу жұмыстарының сапалы және уақытылы жүргізілуін қатаң бақылауға алмаған. Цехтарда техникалық құжаттама толық көлемде жүргізілмеген. Айқасқан жапсырма астындағы сымдар жолдың ағымдағы жағдайы мен

қиынға соғатын әуе атқыштарының жай-күйіне бақылауды күшейтпегені белгілі болды. Машиистердің техникалық білімі көңілден шықпайды, – дейді Жамбыл магистральдық желі бөлімшесінің бастығы Мейрамбек Кенжебаев. Сондай-ақ сигнализация және байланыс шаруашылығы бойынша Сарышаған, Шу және Жамбыл сигнал беру және байланыс дистанцияларында техникалық құралдарды күтіп-ұстауға қатысты 157 ескерту берілген. 4 тыйым салынған шараға байланысты тәртіптік шара қабылданды.

Жалпы жол дистанцияларының басшылары қызметкерлердің практикалық білімін жетілдіру іс-шараларының ұйымдастырылуын, пойыздар қозғалысына байланысты қызметкерлердің тапсырманы қалай орындап отырғанын, қызметтік міндеттерін, жұмыс технологиясының орындалуының талаптарына сәйкестігін тиісті деңгейде тексермеген. ШЧ-34, ШЧ-35, ШЧ-36 дистанцияларындағы орта буынды басшылар СОБ құрылғыларына, байланыс пен радиобайланысқа қызмет көр-

тыныс-тіршілігі мұқият бақылаудан өткізілген. Ол жерлердегі еңбек адамдарына жасалған жағдай мен оның санитарлық талапқа сай қызмет көрсетуі, қауіпсіздік қағидаларына қатысты мәселелер де қатаң қадағаланған. Сонымен қатар комиссия мүшелері жұмысшылармен еркін форматта пікір алмасып, олардың арыз-шағымы мен өтініш-бұйымтайына құлақ асқан.

– Күзгі байқау кезінде өндіріс орындары мен кейбір цехтарда азды-көпті мәселелер немесе шұғыл шешімін табуы қажет ететін проблемалар болмады емес, болды. Алайда, комиссия мүшелерінің жөн сілтеуімен оның көбісінің түйіні сол мезетте-ақ тарқатылып жатты. Қалай десек те, істі үйлестіруді ширата түсу мақсатында жүргізілетін көктемгі және күзгі тексеріс нәтижесінде анықталатын сын-ескертулер көрсеткіші өткен жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда төмендеген. Демек, тапсырманы тиянақты орындауда сапаның жақсара түскені, – дейді сала маманы.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

ЖЫЛУ «ЖОҒАЛМАЙ» ЖЕТЕДІ

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда



Теміржолсу-Қызылорда мекемесінің теміржолшылары жылу берілген сәттен бастап жылу жүйелерін күнделікті бақылауға алған.



Пештерден және қазандықтардың шығу нүктесінен 55-60 гикакалория шамасында берілетін жылу температурасы қолданушыға дейінгі аралықта айтарлық өзгере қоймайды. Себебі оған дейінгі аралықтағы жылу жүйелері суықтан қорғалатындай етіп жылу сақтау орнамаларымен қапталған. Осылайша жылу көзінен шыққан температура қолданушыға дейін өз қалпын сақтап, оның жұмыс бөлмесіне қажетті 18 градустық температураны тұрақты беріп тұрады. Мәселен, Шиелі станциясындағы жылу қазандығынан 15 күн ішінде тәулігіне 54,269 гкал жылу қуаты таратылды. Бұл дегеніміз орташа есеппен әр тұтынушыға 3,617 гкал жылу қуаты таратылған.

– Қазіргі таңда жылу қазандықтарынан тұтынушыға таратылуы тиіс керекті жылу тұрақты беріліп тұр. Жылу беру мәселесіне қатысты тұтынушылардың арыз-шағымы болған жоқ. Бұған дейін тұтынушыларға аймақтағы 8 қазандықтан жылу таратып келдік. Билық мекемелер арасындағы келісімге байланысты Жаңақорған, Шиелі, Белкөл және Теренөзек станцияларындағы көгілдір отынмен жылытылатын жылу қазандықтарынан жылу қуаты таратылатын болды. Қазандықтар жылу маусымы үшін тиянақты дайындықтан өткізілді, – дейді Теміржолсу-Қызылорда филиалының бастығы Насыр Абдуллаұлы.

Жылу қазандықтары көгілдір отынмен жылытылса, су мұнараларындағы пештер Шұбаркөл кенішінен әкелінген көмірмен жылытылады. Аймақтағы біршама мекемелердің жұмыс орындарын автономды жылыту көздеріне ауыстыруына байланысты Жалағаш, Жосалы және Төреғам станцияларындағы жылу қазандықтары консервацияға жіберіліпті.

Суретті түсірген автор

МОДЕРНИЗАЦИЯ ТЯГОВЫХ ПОДСТАНЦИЙ



СОВЕЩАНИЕ

Светлана МОГАЙ,
Караганда

К обсуждению в онлайн-режиме подключились руководители отделений магистральной сети и дистанций электроснабжения.

По словам Ануара Амантаева, до 2029 года запланировано провести капитальный ремонт контактной сети, воздушных линий электропередачи, модернизацию тяговых подстанций, локальное обновление оборудования тяговых подстанций.

На сегодняшний день протяженность контактной сети составляет 12 187 километров, к тому же насчитывается 75 тяговых подстанций, а протяженность воздушных линий составляет 40 663 километра.

В ходе семинара Ануар Амантаев озвучил плановый и целевой сценарий ремонта и содержания объектов энергетики и электрификации. Так, до 2029 года ожидается капитальный ремонт устройств контактной сети протяженностью 494,3 километра на сумму 44,6 миллиарда тенге. Как известно, развернутая длина контактной сети составляет 12 187 километров, при этом – 2 834,1 километра с истекшим сроком службы (1964-1967 годов).

– Стоит отметить, что эксплуатационные расходы на содер-

На станции Караганда-Сортировочная прошло совещание по вопросам развития хозяйства электроснабжения под председательством заместителя директора по эксплуатации филиала АО «НК «КТЖ» – «Дирекция магистральной сети» Ануара Амантаева.



жание устройств контактной сети ежегодно ориентировочно составляют 1,4 миллиарда тенге. Ожидаемый от капитального ремонта эффект – повышение безопасности движения поездов, обеспечение надежности электроснабжения железнодорожных потребителей, – рассказывает Ануар Амантаев. – В будущем на обновление и модернизацию тяговых подстанций (ТП) уйдет 149 миллиардов тенге. Из 75 тяговых подстанций 18 ТП с двойным сроком службы (1964-1967 годов), а 39 с истекшим сроком службы. Ко всему прочему, намечается модернизация 18 тяговых подстанций на сумму 100,2 миллиарда тенге, а также локальное обновление обо-

ДО 2029 ГОДА ОЖИДАЕТСЯ КАПИТАЛЬНЫЙ РЕМОНТ УСТРОЙСТВ КОНТАКТНОЙ СЕТИ ПРОТЯЖЕННОСТЬЮ 494,3 КИЛОМЕТРА НА СУММУ 44,6 МИЛЛИАРДА ТЕНГЕ.

удования 39 тяговых подстанций на сумму 48,8 миллиарда тенге. Ежегодные эксплуатационные расходы на содержание тяговых подстанций ориентировочно составляют 0,8 миллиарда тенге. Эффект от всего этого очеви-

ден – обеспечение надежности тягового электроснабжения, повышение безопасности движения поездов, сокращение эксплуатационных расходов на 0,22 миллиарда тенге.

Немаловажным моментом в операции по развитию хозяйств электроснабжения является обеспечение стабильного напряжения на участке Чу – Жамбыл – Тюлькубас, Шокпар – Отар. На это будет заложено 16,5 миллиарда тенге. В планы

реконструкции также входит тяговая подстанция Акыр-Тобе. В дальнейшем ожидается увеличение на участке Жамбыл – Луговая одновременного нахождения поездов в два раза (с 6 до 12), повышение безопасности движения поездов. Реконструкционным работам также будут подлежать посты секционирования (ПСК) и автотранспортные пункты питания (АПП) на участке Жамбыл – Аспара, ориентировочная стоимость проекта – 2,9 миллиарда тенге, обновление высоковольтных линий с напряжением 220 кВ ориентировочная стоимость – 4,515 миллиарда тенге.

В плановый и целевой ремонт и содержание объектов энергетики и электрификации входит модернизация 16 ПСК и 27 АПП на сумму 9,9 миллиарда тенге: 16 диспетчерских кругов дистанций электроснабжения, приобретение 38 специальных самоходных подвижных составов (ССПС), 131 спецтехники и 204 автотехники.

В развитии хозяйств электроснабжения также входят и социальные программы по улучшению санитарно-бытовых условий работников хозяйства на сумму 4,1 миллиарда тенге и приобретение необходимого оборудования.

Фото автора

С УЧЕТОМ РАСТУЩЕГО ПОТОКА



БЕЗОПАСНОСТЬ



Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

Приоритетной задачей депо является обеспечение надежной и безопасной эксплуатации локомотивов, а также создание условий, минимизирующих

С начала текущего года локомотивными бригадами Алматинского эксплуатационного локомотивного депо применено 565 экстренных торможений против 613 за аналогичный период прошлого года, в том числе из-за людей на путях 122 случая, из них 12 с наездом.

риски для сотрудников. Регулярно проводятся технические осмотры и профилактические ремонты локомотивов, что позволяет выявлять и устранять любые потенциальные неисправности. Так, с начала года в Книгу замечаний поступил

4 161 рапорт машинистов против 8 094 за аналогичный период прошлого года. Но из анализа расшифровки скоростемерных лент видно, что нарушения увеличились – 50 случаев против 32 в 2023 году. Также в работе АЛСН на локомотивах зарегистрировано 605 случаев сбоя.

Кроме того, сотрудники проходят обязательные тренинги и курсы повышения квалификации, где отрабатывают действия в нестандартных ситуациях. Проводится строгий контроль за соблюдением требований охраны труда, а рабочие места оборудованы в соответствии с современными стандартами безопасности. Особая роль отводится психологу депо, а также вопросам профилактики выгорания и повышенной мотивации.

– Работа локомотивных бригад связана с высоким уровнем стресса, требующим устойчивой концентрации и ответственности, поэтому психологическая поддержка становится неотъемлемой частью их трудовой жизни, – говорит начальник Алматинского эксплуатационного локомотивного депо Айдын Сатыбалдин.

Кроме того, с учетом растущего потока в депо успешно ведется подготовка локомотивных бригад по повышению мастерства вождения поезда и профессиональных знаний машинистов и их помощников. Разработан целый комплекс мер, направленный на стабилизацию положения с безопасностью движения поездов. Командно-инструкторским составом ведется особый контроль над регулировкой месячной выработки часов локомотивных бригад. Все эти меры помогают поддерживать высокий уровень безопасности, укрепить свою роль в транспортной системе региона и благотворно влияют на состояние безопасности движения поездов.

Фото автора

К ЗИМЕ ГОТОВЫ



ОСМОТР

В Костанайском регионе прошло итоговое совещание, посвященное завершившемуся традиционному осеннему месячному комиссионному осмотру.

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай

Цель осмотра – подготовиться к зиме, произвести полную проверку такого важного фактора, как состояние охраны труда.

В период месячника члены комиссии во главе с директором филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Костанайское отделение ГП» Айбеком Казымовым проводили систематические и регулярные объезды станций, железнодорожных участков, производили тщательное обследование всех подразделений. В ходе поездок члены комиссии осматрели и определили состояние инфра-

структуры, подвижного состава, производственно-технических объектов, технических средств и сооружений, зданий, подъездных путей и выявили имеющиеся отклонения в их содержании. Также было проверено состояние безопасности движения, безопасности и охраны труда, противопожарной безопасности. Особое внимание уделялось проверке исправности работы приборов, непосредственно обеспечивающих безопасность движения поездов и противопожарных устройств. Комиссия также изучила вопросы охраны и условий труда, выявила и устранила недостатки в обеспечении



безопасности работающих на местах, что позволит в будущем предупредить производственный травматизм.

Не менее важной задачей является оценка готовности локомотивного парка к эксплуатации в наступающем зимнем сезоне. Локомотивы проверяли работу всех систем в зимних условиях, производили смену смазывающих материалов. Члены комиссии приняли все необходимые меры по устранению обнаруженных недостатков и нару-

шений, рассмотрели вопросы и предложения работников, поступившие в ходе осмотра.

На совещании, посвященном завершению осеннего комиссионного осмотра, были подведены итоги месячника. Айбек Казымов наградил отличившиеся предприятия и работников. Также на данном совещании отражены результаты осмотра и разработаны мероприятия по устранению выявленных в ходе осмотра недостатков.

Фото автора

ПО ВСЕМ НАПРАВЛЕНИЯМ

Айлин БАУРЖАН,
Астана



ПЕРЕВОЗКИ

За сентябрь-октябрь фактический объем перевозок зерна нового урожая ожидается на уровне 2,2 миллиона тонн, что более чем наполовину превышает общий объем перевозок за восемь месяцев этого года.

В направлении Центральной Азии рост поставок зерна составил более одного миллиона тонн, или 30% к уровню прошлого года. Возобновлены перевозки на Иран через порт Актау – за два месяца отгружено более 250 тысяч тонн против 222 тысяч тонн за девять месяцев 2023 года. Также начались перевозки в страны Евросоюза как через порты РФ, так и Прибалтики, набирают обороты перевозки на новый рынок Турции.

В ноябре компания планирует перевезти 1,2 миллиона тонн зерна, а в декабре – 1,3 миллиона тонн. На экспорт в ноябре будет отправлено 894 тысячи тонн зерна, в декабре – 978 тысяч тонн.

Прогноз общего объема на 2024 год составляет около 10,2 миллиона тонн зерна, в том числе 7,8 миллиона тонн – на экспорт. Экспорт в страны Центральной Азии составит 4,7 миллиона тонн, в КНР – 1,6 миллиона тонн.

Перевозки зерна внутри страны по итогам 2024 года КТЖ планирует нарастить на 32%, до 2,4 миллиона тонн.

ТРАНСПОРТ В ЦИФРАХ

Махаббат НЕГЕМБАЕВА,
Астана



ИТОГИ

За девять месяцев 2024 года всеми видами транспорта в Казахстане перевезено 782,4 миллиона тонн грузов, что на 7,8% превышает показатель того же периода прошлого года.

Вырос также и общий грузооборот – с января по сентябрь он достиг 376,2 миллиарда тонно-километров. Пассажиरोоборот увеличился на 14,1% и составил 61,7 миллиарда пассажиро-километров. По железной дороге перевезено 16 миллионов человек, рост к прошлому году на 5,7%.

Перевозки грузов железнодорожным транспортом страны за девять месяцев составили 307,2 миллиона тонн. Грузооборот за этот период достиг 237 миллиардов тонно-километров, сообщает Бюро национальной статистики.

В 2,2 раза выросли перевозки морским транспортом – до 2,1 миллиона тонн грузов за девять месяцев 2024 года. Двояк увеличился и грузооборот, он достиг 1 214,5 миллиона тонно-километров.

ПОТЕНЦИАЛ ДЛЯ РАЗВИТИЯ

Асель ШАЙХЫНОВА,
Астана



СОТРУДНИЧЕСТВО

Председатель правления АО «KTZ Express» Дамир Кожаметов и руководство совместного предприятия КТЖ и PSA International KPMC Ltd. провели встречу со старшим вице-президентом немецкого химического конгломерата Lanxess Хюпелером.

На встрече были обсуждены логистические потребности компании Lanxess с точки зрения экспорта сырья из Казахстана, а также транзита грузов из Германии в Китай через Казахстан.

Напомним, компания Lanxess является глобальным клиентом PSA BDP, логистического подразделения PSA International. Такие встречи и заинтересованность иностранных партнеров подчеркивают, что наша страна, занимающая стратегически важное географическое положение, обладает огромным потенциалом для развития транзитных перевозок.

Казахстан уже состоялся как ключевой транзитный хаб, и сейчас с учетом роста товарооборота необходимо усилить интеграцию цепочек поставок через создание торгово-логистических хабов. И в этом контексте развитие железнодорожной инфраструктуры и транспортно-логистического сектора является приоритетом.

Учитывая растущие объемы перевозок и сформировавшиеся мировые тенденции в логистике, проводится работа по устранению узких мест на инфраструктуре. Для системного решения вопросов инфраструктуры АО «НК «КТЖ» утверждена Программа повышения пропускной способности существующей железнодорожной инфраструктуры до 2030 года, в которой определены объемы ремонта, текущего содержания, модернизации инфраструктуры и строительства новых путей, что даст еще больший импульс укреплению транспортных связей.

Фото автора

АҚТОҒАЙДЫҢ АРДА АЗАМАТЫ

Ақтоғай локомотив пайдалану депосының өсіп-өркендеуіне сүбелі үлесін қосқан теміржолшылардың бірі – Сейітбек Назарұлы. Бүгінде пайғамбар жасын бағындырып отырған ел ағасы темір жолда табаны күректей 40 жыл еңбек етіпті.



лығындағы Ақтоғай локомотив пайдалану депосы филиалының директоры қызметін атқарған жылдары Сейітбек Назарұлы білікті машинистер мен машинист көмекшілерін, слесарьларды дайындауда күш-жігерін аямады. Бүгінде оның шәкірттері еліміздің әр түкпірінде еңбек етуде.

Кейіпкеріміздің алғашқы еңбек жолы Ақтоғай локомотив депосының жаңа ашылған жылдарына дөп келіпті. Оны көптен танытын Әріптегістері ғимаратта жылғытұ жүйесі болмағанда, екі паровоз арқылы бүкіл депоны жылғытып, теміржолшылардың жылы жерде жұмыс істеуіне жағдай жасаған тапқырлығын еске алды.

1985-1990 жылдары Ақтоғай локомотив депосы ашылып, Ақтоғай-Саяқ, Достық-Алашанькоу теміржол тәлімдері салында. Мақсат – ҚХР-мен қарым-қатынасты жақсарту, жүк және жолаушы тасымалын жолға қойып, ел экономикасын көтеру болатын. Ол үшін әлбетте локомотивтерге техникалық күтім жасаудың маңызы жоғары. Басшылық осы бағыттағы жұмыстарды Сейітбек Назарұлына сеніп тапсырды.

– Ол күндер бүгінде тарихқа айналды. 1985 жылы Ақтоғай локомотив пайдалану депосының техникалық бақылау цехы ашылып, қырықтан аса білікті слесарьлар мен шеберлер жұмыла кірісіп, ең алғашқы 2 ТЭ10Л-465 тепловозын дайындаптан өткізіп жолға шығарды. Қазіргі осы айтулы теміржолмен Қытай-Еуропа-Қытай, Мойынты-Балқаш, Саяқ-Ақтоғай, Достық-Алашанькоу бағытында жылжымалы құрамдар жүйітуде. Ел үкіметі алға қойған мақсаттарды жүзеге асыру жолында осындай маңызы зор іс-шара-

ларға қатысқанымды мақтан тұтамын, – дейді кейіпкеріміз.

Адал қызмет әрдайым абройға бөлейді. Осынау жылдар аралығында Сейітбек Назарұлы ел үкіметі мен ұлттық компания басшылығы тарапынан жоғары бағаланып, түрлі марапаттарға да ие болыпты. Атап айтсақ, Құрмет грамотасынан бөлек, 2013 жылы теміржол саласындағы айрықша еңбегінің нәтижесінде «Адал еңбегі үшін» медалін алды. 2015 жылы ҚР президентінің «ҚР Конституциясына 20 жыл» медалін, «ҚТЖ» ҰҚ АҚ Президентінің «Еңбектегі жетістіктері үшін» атаулы сағатымен марапатталды. Облыстық деңгейдегі мақтау қағаздары бір төбе.

Сейітбек Назарұлы – жомарттық пен қайырымдылықтың да ерен үлгісін көрсетіп жүрген азамат. Ол жайында өзі көп сөз ете бермегенімен Ақтоғай, Аягөз өңірінің халқы жақсы біледі. Атап айтсақ, «Туған жерге тағзым» акциясы аясында өңірдегі әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға қаржылай, азық-түлікпен үнемі көмек көрсетіп келеді. Сонау 2010 жылы Қопа ауылын тасқын су басқанда теміржол саласы басшыларының басын қосып, қызыл су алған үйлерді күрделі жөндеуден өткізіп берді. Былығы көктемде өңірдегі он шақты елді мекенді су басқанда, жеке меншік үлкен жүк тиегішін су тасқыны қайтқанша ел игілігіне берді. Осылайша ауыл халқының ризашылығы мен батасын алды. Тарлаулы ауылдағы имандылық үйінің шығындарын да өзі көтеріп алып жүр. Саналы ғұмырында екі мәрте ұмра қажылығын, бір рет үлкен қажылық рәсімдерін өтеп қайтқан исламның бес парызына берік азамат. Жастардың спортпен айналысуына елеулі үлес қосуда. Мәселен, жыл сайын «Халықаралық дәрежедегі жаттықтырушы» В.Д.Жихарьев атындағы грек-рим күресінен республикалық турнир өткізіп, негізгі демеушісі болуда.

Сейітбек Назарұлы отбасында да бақытқа кенелген жан. Зайыбы Сәулия Қалиасқарқызымен бірге төрт перзент тәрбиелеп өсірді. Қызы Гүлдана мен ұлы Нұржан еке жолын қуып, теміржолда еңбек етуде.

Қуаныш ҚОЖАЕВ, Семей

ЗОЛОТОЙ ОКТЯБРЬ

В Кокшетау состоялся круглый стол, посвященный празднованию 120-летия железной дороги Казахстана. В мероприятии приняли участие 15 молодых специалистов и 15 пенсионеров и ветеранов труда, они совместно обсудили прошлое и будущее магистрали, отметили значительный рост вклада отрасли в экономику страны.



После завершения основного круглого стола Акмолинский филиал ООО «Казпрофтранс», первичные профсоюзные организации и Региональный совет ветеранов организовали и провели мероприятие, где более 180 пенсионеров всех железно-дорожных предприятий узла Кокшетау были приглашены на чаепитие в честь празднования месячника пожилого человека.

Были организованы конкурсы с вручением подарков, звучали стихи и песни. Пенсионеры и ветераны общались, рассказывали истории и интересные случаи тех времен, когда они работали на своих железнодорожных предприятиях. Все были рады встрече, так как многие живут на разных станциях и уже много лет не видели друг друга.

– Большое спасибо за органи-

зацию такого мероприятия, за то, что дали нам возможность встретиться друг друга, пообщаться! За уважение, которое проявили к нам, за то, что каждый год даете возможность почувствовать – нас не забыли железная дорога, профсоюз! – сказал слова благодарности в заключение мероприятия пенсионер Мухтар Абдрашитов. Напомним, ежегодно в Казахстане 1 октября отмечается День пожилых людей, а весь октябрь – месячник пожилого человека. Этот праздник дает прекрасную возможность выразить глубокое уважение и сказать теплые слова благодарности всем пожилым людям за их добросовестный труд, огромный жизненный опыт, доброту и мудрость. И в Кокшетау на железной дороге не упустили эту прекрасную возможность.

Асель ШАЙХЫНОВА, Фото автора

А ДУША МОЛОДА-МОЛОДА...

Уральские железнодорожники накрыли для ветеранов праздничный дастархан в одном из самых красивых банкетных залов Уральска с символическим названием «Прогресс».



Как отметил председатель совета ветеранов Уральского узла Акназар Карибаев, на сегодняшний день на учете организации состоят 1 048 пенсионеров, в том числе 29 почетных железнодорожников. Конечно, пригласить всех невозможно по причине местожительства и в силу ограниченной мобильности части из них, однако без внимания не оставили никого. А в областном центре приглашение в кафе получили 65 самых активных ветеранов труда.

С большой теплотой их приветствовали заместитель дирек- тора Актобинского отделения

магистральной сети по Уральскому региону Орал Уксакбаев и главный региональный ревизор департамента безопасности движения по Уральскому региону Руслан Давлетов. С напутственным словом обратились к присутствующим и самые почитаемые в Уральске аксакалы – бывшие РБ-12, почетные железнодорожники Сант Мусаулов и Михаил Надточий.

К слову, Михаилу Тихоновичу за его бессменную 30-летнюю службу в музее железнодорожников, активную жизненную позицию, а также в связи с 90-летним юбилеем председатель совета ветеранов ЗКО Максут Берген вручил памятную медаль «Құрметті ардагер».

Праздничное настроение у ветеранов чувствовалось с порога. Они живо интересовались личными новостями, а также успехами и достижениями компании в целом и региональных филиалов в частности. Почти все они привыкли быть в курсе событий и потому дотошно выспрашивали, чем живут их молодые коллеги сейчас, какие новшества внедряются, с какими проблемами приходится сталкиваться. Охотно вспоминали свои трудовые будни, молодея просто на глазах.

Марьяна ПЕРВУШИНА, Уральск Фото автора

ВПЕРЕД К НОВЫМ СВЕРШЕНИЯМ



Совет ветеранов-железнодорожников Алматинского региона поздравил директора Алматинского отделения грузовых перевозок Нурыма Жаниязова с присвоением первого места за лучшие показатели деятельности среди отделений грузовых перевозок.

Ветераны отметили высокие достижения коллектива, его сплоченность и профессионализм, которые позволили добиться таких результатов. Они пожелали коллективу не останавливаться на достигнутом и стремиться к новым успехам, сохраняя традиции и укрепляя репутацию отделения, выразили уверенность, что впереди у коллектива отделения ГП – новые достижения, а также возможность укрепить лидерские позиции в отрасли.

Елена КОЛДАСБАЕВА Фото автора

Спорт

АСЫҚ АТУДАН САЙЫСТЫ

«Қазкөліккәсіп» ҚБ Қызылорда филиалының аймақ теміржолшылары арасында арнайы ұйымдастырылған асық ату сайысы Қызылорда станциясында өтті.



Қазақстан теміржолының 120 жылдық мерейтойына орайластырылған бұл жарысқа Қызылорда магистральдық желі бөлімшесінен, Әскерлендірілген теміржол күзеті, Қызылорда локомотив пайдалану депосы, Қызылорда белгі беру және байланыс дистанцияларынан теміржолшылар қатысты.

Кәсіподақ атынан филиал төрағасы Бауыржан Ахметов, спорт секторы Бақытжан Имбергенов сөз сөйлеп, қатысушыларға сәттілік тіледі. Жарыстың бас төрешісі Райхан Наукеев, спорт нұсқаушы Фатима Медеуова жарысқа қатысушыларға ойын шартын түсіндірді. Асық ойынының шарты мәреге тігілген 15 асықты 5 метрлік қашықтықтан сақанмен нысаналап, шығып ату арқылы қазаннан шығарып ұпай жинау екен. Қазандағы нысанаға қойылған асықтар соққы тигенмен, шеңберден шықпай қалғанда, соққы жанамалы тигенде ойыншыға ұпай берілмейді.

– Мал шаруашылығымен ғұмыры тығыз байланысқан қазақ халқында өскелең ұрпағының нысанаға алған затын дәл-

дікпен олжалауы үшін, ширақ қимыл мен епті әрекетті ұштастыра білуге баулу, көздегенін ұстамдылықпен қанжығалап, алғырлық көрсетуге талпындыратын ойын түрі – асық ату. Ұлтмыздың бұл дәстүрлі ойынын теміржолшылар арасында насихаттауды жөн көрдік, – дейді бөлімшенің спорт нұсқаушысы Бақытжан Имбергенов.

Ойын қазандығындағы асықтарды ептілік пен дәлдікпен нысаналау нәтижесінде ӘТЖК мекемесінің күзетшілері Құлагер Арыстан мен Нұрбол Сағидолланың асығы алшысынан түсіп, жүлделі екі орынды қанжығаларына байлады. Сала бойынша өткізілетін талай сайыста қарсыластарына есе жібермейтін Қызылорда локомотив пайдалану депосының тәжірибелі машинисі Арғынғазы Ысқақов жүлделі 3-орынды иеленді. Жұлдегерлерге «Қазкөліккәсіп» ҚБ Қызылорда филиалының атынан диплом мен бағалы сыйлықтар табыс етілді.

Сабырхан СЕЙІБЕКҰЛЫ, Қызылорда Суретті түсірген автор

Семейлік спортсүйер теміржолшылар тартысты додаларға толы қазан айын үстел теннисі сайысымен қорытты. Спорттың осы түрінен Семей ЖТ бөлімшесі бойынша жеке және командалық біріншілік ұйымдастырылды.

ЛОКОМОТИВШІЛЕР ЖЕҢІМПАЗ АТАНДЫ

Үстел теннисі жергілікті сала қызметкерлері арасында танымалдылыққа ие. Бұл ойын түрінен теміржолшылар қауымы қалалық спартакиаданың да сан мәрте жеңімпазы атанған болатын. Бұл жолғы турнирге әр тобы үш ер және бір әйел адамнан тұратын командалар қатысып, ерлер 18-35 жас, 36-49 жас және 50 жастан асқан ардагерлер болып өзара үш топқа бөлінді.

Жарыс басталар алдында «Қазкөліккәсіп» ҚБ Семей өңірі бойынша өкілі Есен Қажығұлов сөз алып, салауатты өмір салтын ұстанудың спорттық шаралардың маңыздылығына тоқталып өтті. Осындай соң Әнұран шырақалып, жарыс көрігі қызып сала берді.

Сайысқа үстел теннисінен сан мәрте топ жарып, ұлттық компания қызметкерлері арасында да жеңімпаз атанып жүрген әуесқой спортшылар қатысты. Солардың бірі ШЧ-29 ойыншысы Рустам Мұхамбетжанов өз жас шамасы бойынша жүзден жүйірік атанды. Сол тәртізді



ТЧЭ-24 мекемесінен Асхат Елубаев пен НЖС-6 спортшысы Қайрат Қарақанов та чемпион атағын жеңіп алды.

Ал әйелдер арасында бірінші орынды Семей станциясының әуесқой ойыншысы Салтанат Закарьянова, екінші орынды ШЧ-29 қызметкері Гүлнұр Ибраева, жүлделі үшінші орынды Семей жол дистанциясынан Анара Нығметжанова иеленді.

Сонымен қатар командалық ойын нәтижесі де сарапқа түскен болатын. Жалпы командалық есепте бірінші орынға ТЧЭ-24 теннисшілері тұрақтаса, екінші орынды НЖС-6 командасы алды. Үшінші орын ШЧ-29 теннисшілеріне бұйырды. Жарыс соңында жеңімпаздар мен жүлдегер командалар арнайы дипломдармен, грамоталармен және кәсіподақ ұйымы тарапынан әзірленген бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Абай ЕРТІС, Семей Суретті түсірген автор

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ

ҚАЗКӨЛІККӘСІП

Бас редактор
Дина Муздубаева

Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Газет басылатын қалалар:
Астана, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұл көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 11 340

Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:
Л. Ровба, Р. Рахметова

Меншікті тілшілер:
Алматы: Елена Колдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосым Мұқашев 8-778-946-09-66
Ақтөбе: Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушанова 8-777-203-51-87
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59
Жамбыл: Ардақ Усейінова 8-777-667-26-20
Шымкент: Нұрлыбек Досыбай 87025480092
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-777-498-31-61

Редакцияның мекен-жайы:
Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6.
тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

Жауапты хатшы
Ерболат Тілеуберенов,
тел.: +7 702 5795768

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу күәлігі берілді.